

ҒЫЛЫМ — ОРЫНЫ ЕРЕКШЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДАР ӘЛЕМІ

Әлнұр Дуйсебайұлына арналған осы шағын мақаланың тақырыбын жазып қойып, ғылымға жан-тәнімен берілген, өзім білетін, көзім көрген әріптестерімді еске ала отырып, ұзақ ойға кеттім. Кезінде олар туралы бірнеше естеліктер де жазған едім. Олардың өзіндік бейнесі, ғылымдағы орыны, артында қалдырған өшпес ізі бар, әрқайсысы бір-бір интеллектуалдар әлемі десем қателеспеген болармын. Сонда мен білетін кешегі Әлнұр Дуйсебайұлы – кім, басқалардан оның шоқтығы немен биік? Ендеше әңгімені содан бастау керек шығар.

Өмірде әркімнің өзі шығатын биігі бар. Әлекеңнің өмір жолын зерделеу арқылы ең алдымен алапат соғыс алдында дүние есігін ашқан ұрпақтардың қасқайып тұрған бір өкілінің келбетін көрер едім. Сол өмірдің биігінен көрінемін, тіршіліктің шыңына шығамын деген адам алдымен Жаратушыдан терең білім алатын, ғылымға баулитын білім-ғылым ордасына жолықтыруды сұрар болар. Қазақтың маңдайына біткен сол кездегі тұңғыш университет оған есігін айқара ашты, терең біліммен сусындауға, ғылымға кеңінен құлаш сермеуге барлық мүмкіндікті туғызды. Оның бақытына қарай, сол жылдары Қазақстан Ғылым академиясының құрамындағы Ядролық физика Институты қарыштап даму үстінде еді. Университетті үздік тамамдап, сол ғылым ордасына жолдама алған Әлекең дер кезінде өзінің өмірлік рухани серігін қатесіз тапқан бақытты жан болып қалыптасты және казіргі кезде «Курчатов институты» деп аталатын Мәскеудегі Ресей ғылым орталығы мен Ленинград қаласындағы Бүкілодақтық Электрфизикалық аппаратура институтында білімі мен шеберлігін шыңдай түсті.

Қандай данышпан болмасын, оның алдында тәлім – тәрбие берген, ғылымға баулыған алғашқы ұстазы тұрады: «Мен алысты болжай алсам, алыптардың иығында тұрғанымның нәтижесінде» – деген еді ғой бұрынырақта гректің бір ұлы ойшылы. Сондай ойшыл жан Әлекеңе КСРО Ғылым академиясының П.Н. Лебедев атындағы Физика институтында жолықты. Ол – ғылым жолында ізденісте жүргендердің маңдайына жазыла бермейтін, қазақтың талапты да талантты жас жігітін ешбір күмәнсіз аспирантураға қабылдаған, Нобель сыйлығының иегері, академик П.А. Черенков еді. Аспирантураны тамамдап, ғылым кандидаты дәрежесін иемденген Әлекеңнің бойына біткен өршіл рух оған «біттім, болдым, жетілдім» дегізбей, ғылымға адал болуға жетеледі. Елге қайтып келіп, Әлекең сол Ядролық физика Институтында кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер болып істей жүріп, жаңадан ұйымдастырылған Ядролық процестер зертханасының жетекшісі лауазымына дейін көтерілді. Ол кеңес заманында да, кейінгі

аумалы-төкпелі заманда да өзіне Жаратушы дарытқан тума талантымен алған жолынан, таңдаған бағытынан қайтпады, жоғарыға жағыну арқылы бастық болуға таласпады, өмір жолында ғылым деген ұлы ұстанымға ғана бас иген, ауылдан бала болып келіп, дана болып қалыптасты.

Бұған ғылым жолындағы серіктестері мен әріптестері куә. Ең бастысы – әлемнің түкпір-түкпірінде жарық көрген 250-ден астам ғылыми еңбектері мен тәрбиелеп өсірген шәкірттері куә. Оны аз десеңіз, 1990 ж. М.В. Ломомносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде докторлық диссертациясын қорғауы, ал 1994 ж. профессор лауазымын алуы дәлел болар еді.

Қасқыр өзінің бөлтірігін «Мен құсап тістеле!» – деп тәрбиелейді және осы өсиеті бөлтіріктің қасқыр болып жетілуіне жеткілікті. Қоян өзінің көжегін «Мен сыяқты қашып құтыл!» деп үйретеді және көжекке тірі қалып, басқаға жем болмау үшін өзге ештеңенің қажеті жоқ. Ал егер ғалым өзінің шәкіртіне «Менің істегенімді қайтала!» деп тәрбиелейтін болса, бұл жағдай адамзат алдындағы орыны толмас қателік болар еді. Тіпті фотоядролық процестер, серпімді және квазисерпімді шашыраулар, гелий нуклидтерінің түрлі ядролармен орын алатын реакциялары, «аномальды» және «көптүсті» шашыраулар, ядролық реакциялардың алдын-ала тепе-теңдік күйде болу механизмі секілді, тағысын – тағы толып жатқан теңдесі жоқ зерттеу жұмыстарының нәтижелері дүниеге келмес еді.

Нәтижесінде талай-талай жаңа құбылыстар мен заңдылықтар ашылып, ғылым саласы жаңа бағыттармен байытылды. «Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға, көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға» – деген ұлылардан қалған сөз бекер айтылмаса керек. Білім мен ғылым да қарудың бір түрі, бірақ олардан келер әсер мен пайда қандай адамның қолында болуына байланысты. Мен білетін Әлекең де сондай профессионалдардың қатарынан табылып келді.

Жақсының әрқашанда бір айтары болады. Әлнұр Дуйсебайұлының айтқыштығы өз алдына. Орта бойлы денесі білгіштігіне сай, физика ілімін бүгешігесіне дейін тәптіштеп дәлелдеп бере алатындығы қашанда көрініп тұратын. Ол білімде де, ғылымда да ненің қажеттігін, қалай орындау керектігін көзімен көріп, көңілімен сезіп, саналы түрде жүзеге асыра білді, жоғарыға, билікке таласпады, бірақ ғылым алдында адал болды, оның әрбір басқан қадамынан баршамызға таныс өзіне тән өршіл рух әрқашанда көрініп тұратын. Сол өршіл рух оған Дубнадағы әлемге танымал Ядролық зерттеулердің біріккен институтының шетелдік толық мүшесі болуға, 14 ғылым кандидатын, төрт ғылым докторын дайындауға, студенттер мен магистранттарға, аспи-

ранттарға, талантты жеткіншектерге тиянақты білім беруге, ғылымға баулуға арналған «Механизм ядерных реакций», «Физика тяжелых ионов», «Фундаментальные проблемы ядерной физики», «Ускорители заряженных частиц и их применение» секілді арнайы курстарды дайындауға, сол арқылы ғылымға еселеп үлес қосуға мүмкіндік туғызды. Ал адамзат уақыт бастауын таба алама, тапса оны танып-білуге қарым-қабілеті жетеме? Жауабы жоқ тиянақсыз дүние сұрақтар әлем кеңістігін аралап, ғарыш кеңістігін шарлап кезіп жүретіні секілді, Әлекеңнің алдында әлі шешілмеген, шешуді қажет ететін күрделі сан-алуан мәселелер жетерлік еді. Тек шынайы ғылым ескірмейді, өмір соқпақтарында жол-жөнекей өшіп қалмайды. Бізді алға жетелейтін де осы сенім, осы жасампаздық, себебі әділет жолы тек осында болса керек.

Кейде «Осы жұрт неге Әлекеңді жақын тартады, неге оған көбірек үйір болып келеді?» – депте ойлаушы едім. Оның себебін кейін, екеуміздің басымыз бір кемеде тоғысқанда барып түсіндім. Ол-ғылымдағы қас маман, ойшыл адам еді. Әлекеңнің ғылыми еңбектерінен бөгде тұрған бір сөйлемді, қисынсыз қосылған бір сөзді кездестірмейсің. *Ақиқат* деген ұлы құдыреттің тілін таба білген пенделер әлемде көп емес және бұл қасиет әркімнің пешенесіне жазыла салмаған. Көзімнің жеткені – сондай қасиеттерді кейде Әлекеңнің іс-қимылынан, ғылымда салған өзіндік ізінен көріп қалушы едім. Сол қасиеттерін ол өзі тәрбиелеп өсірген шәкірттеріне жеткізуге тырысты, соларға адал болды,

біреуге болса екен деп іші-бауыры елжіреп тұратын, өзі шыққан биікке басқалар да шықса екен деп армандайтын адамгершілігіне ешбір күмән келмеуші еді, ешкіммен санаспайтын, санассақ біз санасуымыз керек уақыт сынды шектеулі мерзімді босқа өткізбеуді ойлады. Нәтижесінде ғылымға терең бойлады, сол арқылы талай ұрпаққа сара жол ашты.

Терең ойлы білім, ашық сезімтал жүрек, жасампаздықпен қол жеткен ғылымдағы әрбір табысқа елмен бірге риясыз қуану, ойындағыны іркілмей еркін айту, өзінің көз-қарасын сеніммен дәлелдеу, осының бәрі Әлнұр Дүйсебайұлының бүтіндей болмысы еді, себебі ол – ядролық физика ғылымының өзі, сол білімнің көзі болды. Сондықтан да сөз соңында айтарым: бір шәкірт бар – ұстазына жете туады демекші, өзінің ғылымдағы алғашқы ұстазы П.А. Черенков секілді, Әлекең де ғылымдағы тамаша жетістіктері үшін сан-алуан марапаттаулармен қатар, 2009 ж. Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығы тапсырылды. Мен өзім сол жұмыстың мемлекеттік сарапшысы ретінде, Әлекеңнің 80 жылдық мерей тойы қарсаңында мүдірмей өтуіне үлес қосқанымды әрқашанда мақтан етемін.

*ҚР білім-ғылым саласының құрметті қызметкері,
құрметті кафедра меңгерушісі, Еуропа
жаратылыстану ғылымдары академиясының
академигі, физика-математика ғылымдарының
докторы, профессор Қ. Мұқашев*